

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2006 жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы трансферттерді бөлу мен пайдаланудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 13 қаңтардағы N 35 Қаулысы

"2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ :

1. Қоса беріліп отырған :

1) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2006 жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы трансферттердің сомасын бөлу;

2) облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2006 жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін мақсатты трансферттерді пайдалану ережесі (бұдан әрі - Ереже) бекітілсін.

2. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) тиісті мәслихаттар облыстық, Астана және Алматы қалаларының 2006 жылға арналған бюджеттерінде тиісті түсімдерді, сондай-ақ инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға байланысты бағдарламалар бойынша шығыстарды көздейтін шешімдерді қабылдағаннан кейін үш күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне мәслихаттардың көрсетілген шешімдерін ұсынсын;

2) есептіден кейінгі айдың 8-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жұмыстардың барысы және нысаналы трансферттердің пайдаланылуы туралы ай сайынғы ақпаратты ұсынсын.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің құрылысын бақылауды және үйлестіруді, сондай-ақ республикалық бюджеттік бағдарлама паспортына сәйкес бюджет қаражатының тиімді және орынды пайдаланылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2006 жылғы 13 қаңтардағы
 N 35 қаулысымен
 бекітілген

**Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының
 бюджеттеріне 2006 жылы инженерлік-коммуникациялық
 инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін
 нысаналы трансферттердің сомасын бөлу**

Өңірлер	Тұрғын үйлерді салу кезінде инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін қаражатты бөлу, млн. теңге		
	барлығы	оның ішінде	
		жеке	көп пәтерлі
Ақмола облысы	300	165	135
Ақтөбе облысы	1245	885	360
Алматы облысы	1170	745	425
Атырау облысы	1725	1340	385
Шығыс Қазақстан облысы	820	600	220
Жамбыл облысы	725	500	225
Батыс Қазақстан облысы	960	685	275
Қарағанды облысы	930	600	330
Қостанай облысы	870	670	200
Қызылорда облысы	670	470	200
Маңғыстау облысы	1010	660	350
Павлодар облысы	800	600	200
Солтүстік Қазақстан облысы	750	500	250
Оңтүстік Қазақстан облысы	2025	1580	445
Астана қаласы	2000		
Алматы қаласы	4000		
Республика бойынша жиыны	20000	10000	4000

Қазақстан Республикасы
 Үкіметінің
 2006 жылғы 13 қаңтардағы

бекітілген

Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне 2006 жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы трансферттерді пайдалану ережесі

1. Осы Ереже облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарының (бұдан әрі - жергілікті атқарушы органдар) 20000000000 (жиырма миллиард) теңге сомасында "2006 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 22 қарашадағы Заңында көзделген 2006 жылы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы трансферттерді пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Нысаналы трансферттерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне (бағдарламаның әкімшісіне) 2006 жылға арналған республикалық бюджетті қаржыландырудың бекітілген жиынтық жоспарына сәйкес жергілікті атқарушы органдардың инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуына және жайластыруына бөледі.

3. Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі ұсынған деректемелер бойынша жергілікті атқарушы органдарға инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға белгіленген тәртіппен бекітілген "Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымды дамытуға және жайластыруға берілетін нысаналы даму трансферттері" деген республикалық бюджеттік бағдарламаны қаржыландыру жоспарына сай облыстар, Астана және Алматы қалалары бойынша нысаналы трансферттердің бекітілген жалпы сомасын бөлуге сәйкес қаражат аударады.

4. Нысаналы трансферттердің бөлінген сомасын іске асыруды құрылыс қызметі туралы, мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға және бюджет заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар жүргізеді.

5. Тиісті жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыруға арналған нысаналы трансферттердің уақтылы, орынды және тиімді пайдаланылуына Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті атқарушы органдар жауапты болады.